**Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Көкпекті өзеніндегі Көкпекті су қоймасы бөгенінің жарылуы салдарынан болған топтық жазатайым оқиға себептерін тексеру жөніндегі үкіметтік комиссияны құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 02 сәуірдегі № 314 қаулысы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Көкпекті өзеніндегі Көкпекті су қоймасы бөгенінің 2014 жылғы 31 наурызда жарылуы салдарынан болған топтық жазатайым оқиға себептерін тексеру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес құрамда Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Көкпекті өзеніндегі Көкпекті су қоймасы бөгенінің жарылуы салдарынан болған топтық жазатайым оқиға себептерін тексеру жөніндегі үкіметтік комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

2. Комиссия жұмысқа дереу кіріссін, топтық жазатайым оқиға себептері мен жағдайларының жан-жақты тексерілуін қамтамасыз етсін, келтірілген залал көлемін айқындасын, зардап шеккендер мен қаза болғандардың отбасыларына бірінші кезектегі көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Комиссия жетекшісі:

1) бір ай мерзімде топтық жазатайым оқиға себептерін тексеру нәтижелері және зардап шеккендер мен қаза болғандардың отбасыларына бірінші кезектегі көмек көрсету жөнінде қабылданған шаралар туралы баяндасын;

2) қажет болған жағдайда мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерін Комиссия жұмысына тартсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 314 қаулысына қосымша

**Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Көкпекті өзеніндегі Көкпекті су қоймасы бөгенінің жарылуы салдарынан болған топтық жазатайым оқиға себептерін тексеру жөніндегі үкіметтік комиссия**

Божко Владимир Карпович - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, жетекші

Әбдішев Бауыржан Түйтеұлы - Қарағанды облысының әкімі, жетекшінің орынбасары

Жақсалиев Бақытжан Мұхаметқалиұлы - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі

Байжүнісов Ерік Әбенұлы - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі

Шолпанқұлов Берік Шолпанқұлұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі

Омаров Сапархан Кесікбайұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Әбсаттаров Қайрат Бектайұлы - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі

Нокин Серік Кеңесұлы - Қазақстан Республикасының Өңірлік даму вице-министрі

Пішембаев Мереке Құдайбергенұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі

Нысанбаев Ерлан Нұралыұлы - Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары вице-министрі

Бекшин Жандарбек Мұхтарұлы - Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігі төрағасының орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК